

Біздің бүгінгі әңгімеміз соңына ұлағатты із қалдырған азамат Бүркіт Ысқақов жайында болмақ. Мені онымен Қазақ Кеңес энциклопедиясының, КПСС тарихы редакциясының аға ғылыми қызметкері, Брест қамалын ерлікпен қорғаушылардың бірі Қажымұрат Сыздықов 1968 жылы алғаш рет таныстырған болатын.

— Филология ғылымының кандидаты, Әдебиет институтының әдеби байланыстар бөлімінің аға ғылыми қызметкері Бүркіт Ысқақов осы жігіт. Тағы бір ерекшелігі, — деді Қажекең қулана күлімсіреп, — үш жыл соғыста, жауған октың астында жүрген. Ұлы Жеңіске лайықты үлес қосқан. Сол үшін Кеңес өкіметі мұны 25 жылға соттап, итжеккенге айдап жіберген. Алты жылын өтеп, 1956 жылы ғана елге оралған.

— Мынау бір тындарлық әңгіме екен, — дегенімше болмай, Бүркіт:

— Асығыс едім. Кейін бір кездескенде айтыла жатар, — деп жөніне кете барды.

1974 жылғы 31 қазан күні Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы мені Қазақ Кеңес энциклопедиясы бас редакторының бірінші орынбасарлығына бекітті. Сол кезде Әдебиет және өнер институтында жұмыс істейтін Бүркітпен жақын

Ерніне күлкі үйіріліп, жүзі жайнап сала берген ол рахмет деп қолымды алды. Сонсоң түсі тез өзгеріп түнере қалды да, — тағдыры аса ауыр ерекше тұлға. Көп өмірін түрмеде өткізген, — деді.

— Сондықтан да ол Ақмолла ғой. Көмейіне келген сөзді қайта жұтпаған қаһарман десе де болғандай, — деп оның түбіне жеткен бір оқиғаны айтып бердім.

Бірде Ақмолла Қарабалық қыпшақ байларының біріне құран шығарып, кәделі қонақ есебінде сол үйде жатпай ма. Оның үстіне келген болыс амандықтан кейін: "Өленді жерде өгіз семіреді, елімді жерде



ЕЛІН СҮЙГЕН ЕРДІҢ ІЗІ

Сапабек ӘСПҰЛЫ,
жазушы.

таньсудың да сәті түсті.

— Қыран паң (Бүркіт дегенім ғой), айтшы, итжеккенге қалай барып келдің? — дедім бірде оған.

— Оған барудың жолы жеңіл екен. Қайтуы қиын болды.

— Жеңіл болғаны қалай?

— Құрылмаған, құру ойымызда да жоқ партияны құрдыңдар, Кеңес өкіметін құлатып, одақтан шығып кеткелі жүрген ұлтшылдар, — деп итжеккенге 25 жылға айдап жіберді.

— Құрылмаған, жұмыс істемеген партия үшін де жазалаушы ма еді?

— Жазалағанда қандай! Сезді сөзге қосып, мағынасының өңін айналырып, бас әріптерінен сөз құрап, одан партия құрып алуға болады екен. Мен солай саяси қылмыскер болып кете бардым.

— Басынан басташы. Үш әріп қақпанына қалай түсіп қалдың?

— Сол үш әріптің тергеушісі бір күні шақырып алды да: жастар арасында ұлтшылдық сарында айтылып жүрген әңгімелер жайында сұрастыра бастады. Қысқаша мазмұны: сіздердің қатарыңызда алашордашылардың тыйым салынған кітаптарын оқитындар қалай пайда болды? Қазақстанда орыстардың көбеюіне олар неліктен наразы болып жүр? Ұлы орыс халқы қазаққа достық қолын созды. Оны прогресс жолына шығарды. Мектеп, жоғары оқу орындарын ашты. Соған қарамастан, оқуға түсе алмағандарды мүсіркеп, орыстарға қарсы айдап салып жүргендер кімдер? Қазақ жастарының жақсылық атаулыны көрмей, біздің өміріміздің бірыңғай көлеңкелі жақтарын іздеп, наразылық отын үрлей беретіні несі? Пәлен айдын пәленінші жұлдызындағы басқосуларыңда пәленше-түгеншелерден басқа кімдер қатынасты деген сияқты сұрақтар үстемелете қойылып жатты. Сондай сәттердің бірінде мен:

молда семіреді. Ақа, семіріп жатыр екенсіз ғой", — деп кекеткен көрінеді. Сонда Ақмолла жұлып алғандай: "Ол рас, өленді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді. Даулы жерде төре семіреді. Егер сахарда біздей ғұламалар болмаса, сен сияқты доңыздардың басын ит кеміреді", — демей ме.

Ұяттан кірерге жер таппаған болыс беті қабарып үйден шыға жөнеліпті. Жай кетпеген. Бүлікшіл башқұрт патшаны жамандап, қазақты азғырып жүр, деп көп адамның қолы қойылған арыз дайындап, тиісті орындарға жеткізген. Нәтижесі белгілі. Ақмолла сабаз ұсталып кете барған.

Бүркіттің қабағы сол жазылмаған қалпы үнсіз-түнсіз тұндап алды да:

— Ақмолланың тұтқындағы азапты өмірі Троицк архивінде жатыр. Сәті түссе, арнайы барып, зерттеу ойымда бар, — деді.

Троицки қаласына барған, бармағанын білмеймін. Барса, қағазға түсіргендері бір жерде сақталған шығар.

Бүркіт — ғалым. Бүркіт елін шын сүйген, сол үшін басын бәйгеге тігіп, азап шеккен азамат еді. Сонымен қатар, қаламынан тамаша жырлар төгілген ақын болатын. Оның әрбір өлеңі ойға қалдырады десем, асыра айтқандық бола қоймас. Басаяғы жұп-жұмыр, төртшумақ "Бәрінен де жоғары" өлеңін оқып көрейік.

*Ақиқатын айтсаң сен,
Кейде анаң да жек көрер.
Бойынан мін тапсаң сен,
Кейде атаң да жек көрер.*

*Мінезінен мін тапсаң,
Жар да саған өкпелер.
Істеріне сын тақсаң,
Дос та саған кектенер.*

*Бірақ солай екен деп,
Айтпай қойма тұрасың.
Жағымпаздық етем деп,
Жалғанға бет бұрма сен.*

— Елін сүйген ерлер емеспіз бе. Елдің мұң-зарын неге айтуға болмайды. Айту, сынау арқылы ғана оны жөндеуге болады ғой,— деп қойып қалдым.

Сол сол-ақ екен, тергеуші құлаққа ұрған танадай тынып, қалың ойға шомбасы бар ма. Мен де, ол да тым-тырыс. Бір кезде ол басын көтеріп, тіктеліңкіреп отырды да:

— Солай де. Елін сүйген ерлер екенсіңдер ғой,— деді.

— Әрине,— дедім мен іле үн қатып,— елін сүйген ерлер болғанда қандай! Елді сүйгендіктен төрт жыл бойы фашистермен арыстанша айкасып, жоғбарысша жұлқысып, Отанды қорғап қалған біз емес пе едік.

— Олай болса жаңадан партия құрып, кіммен айқасқалы жүрсіздер?

— Біз партия құрған жоқпыз. Партия құру үш ұйықтасак ойымызда жоқ. Елдегі кемшіліктерді қалай түзетуге болатынын айтып, оны түзету жолдарын ойластырып жүрміз.

— Ол коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің шаруасы. Ал сіздер елін сүйген ерлер партиясы — "Есеп" дегенді құрып алып, оларға қарсы жұмыс істеп жүрсіздер...

Осылайша тергеушісі ойда жоқ партияны "құрды" да, оны өзінің бастығына жеткізді. Бұл көп ұзамай республика деңгейінде үлкен шу болып кете барды. Ақыры немен тынғаны өзіңе белгілі, 25 жылға итжеккенге кетіп, 6 жылдан кейін аман-есен қайтып оралдық.

Бұл күнгі әңгіме осымен тынды. Тағы бір кездескенде өткізген күндеріңді айтып берерсің деген едім. Оның сәті түспей-ақ қойды. Қазақ-татар әдеби байланысы тарихын, проблемаларын зерттеп жүрген ғалымның өткен күндерден мұнды сырлар шертуге қолы тие бермейтін.

Бүркіттің "Қазақ-татар әдеби байланыстары" монографиясы 1976 жылдың соңына таман академияның "Ғылым" баспасында басылып шықты. Бір кездескенде мен оған осы еңбекті қарап шыққанымды айтып:

— Ғылыми-танымдық деректері мол, жақсы дүние екен. Қазақ, татар, башқұрт жұртына ортақ, әйгілі Ақмолла Мұхамедияровтың шын аты Мифтаһетдин екенін, ағынан жарылып, шындықты тура айтатындығынан "Ақмолла" атанғанын, әкесі Сыр бойының қазағы, шешесі Бибігүлсім башқұрт қызы, болашақ ақын қазіргі Башқұрт Республикасының Миәке ауылындағы Токсанбай ауылында туғанын сенің арқанда білдім, — дедім.

*Ақиқат сөз, әділ іс —
Бәрінен де жоғары.
Оған қарсы келер күш
Дүниеде жоқ әлі.*

Бүркіт қарапайым еңбек адамдарын — егінші мен малшыны, Сәкен Сейфуллин айтқандай, "күндізтүні алысқаны көмір, тас" жұмысшыны ардақтаған ақын. Жүрекжарды жылдарында солар төккен қанмен терді мадақтап, жандарын желпуді мақсат тұтқан. Ленин орденді кенші Әбдіраман Танеевке арнаған "Ол кіргенде лаваға" атты өлеңі соны аңғартады.

*Ол кіргенде лаваға,
Шахта ішіне жан біткен.
Қимыл кіріп науаға,
Моторларға ән біткен.*

*Ол кіргенде лаваға
Асқан қайрат сеніммен.
Дала айналып қалаға,
Тау орнаған көмірден.*

*Қала алмаймын толғанбай,
Қараған сайын көмірге.
Жалын беріп тұрғандай,
Біздің байтақ өңірге.*

Бүркіт өлеңдерінің басты бір ерекшелігі, Ғабит ағамыз айтып кеткеніндей, ондағы сөздер бір-біріне жарығын түсіріп, оқушы ойына сәулесін молырақ беруінде, жеңіл оқылып, тілге орала кетуінде деп білемін. Талдауды, түсіндіруді қажет етпейтін, жадында жатталып қалатын "Тоқай", "Үндістан ұраны" өлеңдері бұған айқын мысал бола алады. Көне, оқып көрелік.

*Ұлы Тоқай, ұл Тоқай —
Татардың тарлан ақыны.
Өлең — Тоқай, жыр Тоқай,
Қазақтың да жақыны.*

*Туып Қыррлай ауылында,
Түлеген қазақ жерінде.
Ұмытпай башқұрт бауырын да,
Жырлаған орыс елін де.*

*Абай, Тоқай екі есім,
Жүрегінде халықтың.
Тұрса да алда неше күн,
Туарын білген жарық күн.*

*Бүкіл елге танылған,
Жиырма жеті жасында.
Жиырма мирас қалдырған,
Жиырма жеті ғасырға.*

Бүркіт 1991 жылдың басында, 67-ге қараған шағында дүние салды. Артында талай ұрпақтармен бірге жасасып, олардың кәдесіне жарайтын ғылыми, әдеби бір сыбағаға татырлық мұрасы қалды. Оларды ғылыми, әдеби айналымға қосу бүгінгі ұрпақтың еншісі.